

Бекітінші  
 мектептің м.а. мұғалім м.қ.  
 15.04.2024 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы  
 Топ: «Балана» ересек тобы Жоспардың құрылу кезеңі: 15-19.04.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 15.04.2024	Сейсенбі 16.04.2024	Сәрсенбі 17.04.2024	Бейсенбі 18.04.2024	Жұма 19.04.2024	
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).					
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Д/О «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Әнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. <b>Балаармен жеке жұмыс</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	«Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшымен жасату. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиетке қызығушылығын арттыру. Кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)	<b>Қайырлы таң, балалар!</b> Араланып таң атты, Алтын шапақ таратты. Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар! Тақпақ түсініктері тұрғысынан жаттауда түрлі интонацияны, үзілісті, логикалық кепінді қолдану, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға баулу. (сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ынғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.					
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаналықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)					
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру: бағытты және қарқынды	<b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	<b>Қазақ тілі</b> Өз ойын жай және жайылма сөйлеммен жеткізуге мүмкіндік	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру: бағытты және қарқынды	

<p><b>іс-әрекеттер</b></p>	<p>өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> оңға, солға бұрылу</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> «Масаны ұстап ал»</p>		<p><i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2см, биіктігі 30-35 см) жүру; <i>Секіру:</i> 4–5сызықтан аттап (арақашықтығы 40–50 см) секіру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> оңға, солға бұрылу <u>Қ/О «Тауықпен мен балапандар»</u> <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу</p>	<p>беру.бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру</p> <p><b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p>өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру; <i>Лақтыру, қағып алу:</i> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. <u>Қ/О «Қояндар»</u></p>
	<p>«Көктем» Міндеттері: Көктемнің екінші айы сәуір екенін. Сәуір болмай тәуір болмайды деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ бәйшешек наркес гүлдері туралы ақпарат беру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Балаларды үш гүлге сәйкес топтарға бөлу. Бір орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Үшінші топ</p>	<p>«Ғажайып қорапша» Міндеттері: одан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету <b>(сөйлеуді дамыту,</b></p>	<p>Балаларға бидай, тары, жүгері және гүл ұрықтарын көрсету. Міндеттері: Танып атау, оларды қалай санауға болатын сұрау. Таразыны пайдалануды үйрету. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p>Жер ананы қалай құрметтейміз? Міндеттері: Ол үшін не істеуге болады? Серуенге шыққанда жасайтын іс әрекеттерімізді жоспарлап суретке салайық деп салғызу. Ал екінші топ күректер шелектерді дайындап, онымен қалай жұмыс жасайтынын ойлап, жасап үйреніп дайыналады. <b>(сөйлеуді дамыту, сурет салу)</b></p>	<p>«Гүлдер саябағы» Міндеттері:Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. <b>(құрастыру)</b></p>

	гүлдерді қағаздан жасайды. <b>(сұрастыру, жапсыру)</b>	<b>математика негіздері)</b> Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салы, бояу(сурет салу)			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Кім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>				
<b>Серуен</b>	Балақаша ауласында қандай гүлдер бар екенін анықтау. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b> Тәулік бөліктері, олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. <b>(математика негіздері)</b> <b>Қимылды ойын «Автобус»</b>	Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b> <b>Қимылды ойын</b> «Кішкентай маймылдар»	Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастырту. <b>(сұрастыру)</b> Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> <b>Қимылды ойын</b> «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылау. Балабақша ауласында еңбек әрекетін ұйымдастыру. Қанша ағашқа, қанша гүлге сүйганын санау. <b>(математика негіздері)</b> <b>Дидактикалық ойын</b> «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану, атауды пысықтау. <b>Қимылды ойын</b> «Қояндар»	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санау, танып білетіндерін атау, оларға күтім жасау. Бормен олардың суреттерін салдырту. <b>(қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері)</b> <b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату <b>(музыка)</b>				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпак табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу ( <b>дене жаттығулар мен белсенділігі</b> )Киімін реттілікпен өздігінен киіну. Түйме қадау,сырмаларын сыру,аяқ киімін дұрыс киюді үйрету Қыз балалардың шашын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолын жуу,құрғатып сурту,сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар,өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексаздан қызғалдақ жасату.  Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету ( <b>музыка</b> )	Балаларды әдебиет орталығына алып бару. «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. ( <b>көркем әдебиет</b> ) Ертегілер желісі бойынша сюжеттік композиция құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. ( <b>мүсіндеу</b> ) Құрылыс материалдарымен еркін ойындар ( <b>құрастыру</b> )	Балаларды орталықтарға бөлу. Ержетпес үшін, қоршау балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндеу ( <b>мүсіндеу</b> ) Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. ( <b>сурет салу</b> ) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. ( <b>көркем әдебиет</b> )	Гүлдерді адамдар басып жасауды ұйымдастыру ( <b>құрастыру</b> )	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. ( <b>мүсіндеу</b> )
Балалармен жеке жұмыс	«Не көріп тұрмын?» ойыны арқылы кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру (топпен)	Қайшымен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру (Өркен,Нұрасыл)	«Қандай пішінге ұқсайды?» ойыны арқылы бөлмедегі заттар ды ажырату (Занғар)	Мүсіндеу, кескішпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру (Хадиша,Рахима)	«Сөзді аяқта» ойыны Нұрқасыммен тіл дамыту бойынша жеке жұмыс
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. ( <b>сурет салу</b> )	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдер пішінін жасау. ( <b>жапсыру</b> ) Қ/О «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Жер анаға құрмет туралы әңгімелесуді оқып тыңдауды ұсыну.				